

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Қазақстан Республикасы
мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды
(жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік
комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

17.07.2014 ж.
сағ. 16.00

Тендерлік комиссия құрамы: А.Ә. Сәду – Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы,

комиссия мүшелері: А.Т. Қадырбеков – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, комиссия мүшесі, Н.Ғ. Айғараев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.Ж.Орынбаев – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Т.А. Лигай - ММРК «Резерв» РМК Бас директорының бірінші орынбасары, А.А. Төлегенова – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ТЖМ) Материалдық техникалық камтамасыз ету департаментінің Мемлекеттік сатып алу басқармасының сарапшысы, Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының бас сарапшысы, тендерлік комиссияның хатшысы.

(Қатыспағандар: Г.К.Өтегенова - ММРК «Резерв» РМК Қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасының бастығының міндетін атқарушы – өз еркімен жұмыстан босатылған, Н.Б. Абдрахманов – ТЖМ Азаматтық қорғаныс департаментінің Халықты және аумақтарды қорғау басқармасының басшысы – отбасылық жағдайына байланысты Қарағанды қаласына жол жүін кеткен, Р.М. Қарабалиев, - ТЖМ Ішкі бақылау және аудит департаменті аумақтық органдардың қызметін бақылау басқармасының бас сарапшысы – Министрліктің мемлекеттік сатып алу бойынша комиссия мүшесі ретінде сағ. 16.00-де өтетін конкурсқа қатысады).

Күн тәртібі:

1. Тендер өткізу туралы хабарламаны бекіту;
2. Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтің тауарларын сату бойынша лоттарды бекіту.

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы хаттамаға қоса берілген тендер өткізу туралы хабарлама бекітілсін.
2. Қоса берілген 2014 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі бекітілсін.

3. Тендер комиссиясы бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі www.emer.gov.kz және www.kgmr.gov.kz сайттарында жарияласын.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктеріне мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендер өткізілетіні туралы ақпарат жолдансын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында аудио – видео жазбалары жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2014 жылғы 17 шілдеде сағ. 16:18 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 1) тендерді өткізу туралы хабарлама 2 парақта;
2) мемлекеттік резервтің тауарлар тізбесі 4 парақта.


Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



Комиссия мүшелері:

А.Т. Қадырбеков




С.К. Сабырбаева



Н.Ф. Айғараев



М.Ж. Орынбаев



Т.А. Лигай



А.А. Төлегенова



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

